

2023-2024 оқу жылы

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Орал қаласының білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке
балабақшасының өзін-өзі бағалау қорытынды есебі**

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Орал қаласының білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасы өзін-өзі
бағалау туралы**

АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V «Кәсіпкерлік кодексінің» 137 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда №31053 болып тіркелді) қосымша және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрықтары негізінде Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасы «ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің «2023 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2023 жылғы 06 қаңтардағы №4 бұйрығына (2022 жылғы 09 қарашадағы №329 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы) сәйкес балабақша 2023-2024 оқу жылының қыркүйек-мамыр айларын қоса алғандағы кезеңдерге өзін-өзі бағалау жүргізілді.

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдардың» 2 тарауы 6 пункті негізінде бөбекжай басшысының 2023 жылғы «02» мамырдағы №19 бұйрығымен аттестаттау комиссиясының келесі құрамы бекітілді (бұдан әрі – комиссия).

1. Джубаниязова Н.Д - «Ақниет+» жеке балабақша меңгерушісі -комиссия төрайымы
2. Бактыгереева.Г.М - «Ақниет+» жеке балабақша әдіскері –комиссия мүшесі
3. Айдахова Г.Е – әкімшілік хатшы мүшесі
4. Ниязбекова .Г. Н педагог-психологі;
5. Муханбеткалиева.Г.К «Нұр» жеке балабақша тәрбиешісі
6. Молғалиева Қ.Ч – «Ақниет» жеке бөбекжай тәрбиешісі
7. Игизбаев Р.К «Ақниет» жеке бөбекжай есепшісі

Комиссия мүшелерімен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымына бағалау жүргізу кезінде бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасының өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтер және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін салыстыра отырып, комиссия мүшелері қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасы Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Гагарина көшесі 8 үй Индекс 090005

Занды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web -сайт) тел.факс:8701106402137aknietplus@bk.ru, ресми сайт <https://aknietplus-uralsk.testim.kz/kz> инста парақша

Занды тұлға өкілінің байланыс деректері

Н.Д.Джубаниязова –меңгеруші

Балабақшаның жобалық қуаттылығы 66 балаға есептелген. Ғимарат екі қабаттан тұрады. Құрылыс ауданы- 194,3 , ғимараттың ауқымы- 193,2 жалпы алаңы- 329,5

Жас ерекшеліктеріне сәйкес бөбекжайда тәрбие мен оқыту үрдісі 3 топта жүзеге асырылады.

Өзін-өзі бағалауды жүзеге асырудың кезеңінде комиссия Қазақстан Республикасының Оқу –ағарту министрі 2022 жылғы 5 желтоқсанда №486 Бұйрыққа қосымша «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына» сәйкес зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілерін толық қамтыды, жұмыс бағыттары мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының орындалуына нақты талдау жасай отырып, 2023-2024 оқу жылдарының құжаттарын зерделеп, саралап өтті.

2. Кадрлық құрамға талдау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған.

2.2 Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде

2023-2024 оқу жылында барлығы 12 педагогке ТАЛДАУ

Оқу жылы	Педагог саны (басшы, әдіскер, пән жетекшілері мен тәрбиешілерді қоса алғанда)	Оның ішінде тәрбиешілер
2023-2024	12	6

2023-2024 оқу жылындағы педагогтер санының ТАЛДАУЫ:

Мектепке дейінгі ұйымда 1 басшы басшылық еткен 3 топқа 1-әдіскер, 6 тәрбиеші, 1- психолог (+дефектолог (0,5 жүктемедегі)), 1- музыка жетекшісі, 1- дене шынықтыру нұсқаушысы, 1- логопед қызмет атқарған.

Оның ішінде: жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер санына ТАЛДАУ

Оқу жылы	Жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер саны		Барлығы	Пайыздық мөлшермен %
	Оның ішінде пән жетекшілері (басшы әдіскерлерді қоса алғанда)	Оның ішінде тәрбиешілер		
2023-2024	4/12	2/6	6/12	50%

2023-2024 оқу жылындағы 12 педагогтің тиісті бейіні бойынша мамандықтары бар. Оның ішінде бейіні бойынша **жоғары** педагогикалық білімі бар-3 педагог. Басшы, әдіскерлер және пән жетекшілерінің жалпы саны 6 болса, оның 6 (онында) және 6 тәрбиешінің 2 (екеуінде) **жоғары** педагогикалық білімі бар.

Пайыздық мөлшерге шаққанда ұжымның 50% -ы жоғары білімді мамандар.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтер үлесіне

ТАЛДАУ

(басшы мен әдіскерлерді қоса алғанда)

Оқу жылы	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бар педагогтер саны		Барлығы	Пайыздық мөлшер (тәрбиешілер санына шаққанда)
	Оның ішінде директор мен әдіскерді алғанда	Оның ішінде тәрбиешілер		
2023-2024	6/6	6/6	12/12	100%

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтар:

№	А. Т. Ә.	Лауазымы	Оқу орыны
1	Джубаниязова Нурслу Дуйсенбаевна	Директор	Орал педагогикалық училище -1990 Бастауыш сынып мұғалімі Батыс ҚҚазақстан Мемелекеттік Университеті "Қазақ тілі мен әдебиеті".
2	Бактыгереева Гулнара Магазовна	Әдіскер	М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университеті-2004ж. " "Қазақ тілі мен әдебиеті". Орал гуманитарлық-техникалық колледжі-2013ж "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
3	Мағзом Максим Бакытжанұлы	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті-2023ж «Дене шынықтыру және спорт»
4	Ильясова Эльмира Мұратовна	Педагог-психолог	М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университеті-2006ж. "Педагогика және психология "
5	Гусманова Шынар Акылбековна	Тәрбиеші	Орал гуманитарлық- экономикалық колледжі-2021ж "Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу"
6	Тулєпова Асель Елтаевна	Тәрбиеші	«Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжі - 2020 "Қазақ тілі мен әдебиеті".
7	Насипкалиева Айсара Кайргалиевна	Тәрбиеші	«Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжі - 2020 "Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу".
8	Унайғалиева Айжан Гумаровна	Тәрбиеші	А.С Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты- 1984 «Сызу сурет және еңбек» «Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжі - 2013 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
9	Кадирова Аяжан Галимовна	Тәрбиеші	Орал жоғары гуманитарлық – экономикалық колледжі -2024 Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу".
10	Джуматова Айнагул Балтабековна	Тәрбиеші	«Ж.Досмухамедов атындағы педагогикалық колледжі - 2020 "Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу".
11	Куспанова Жанат Казуллиновна	Логопед	Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті-2017ж «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» Куәлік №0164 Дефектолог логопед
12	Ниязбекова Гулайым Нұрланқызы	Психолог Дефектолог	Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті-2016ж Психология

2023-2024 оқу жылында барлығы 12 педагогке ТАЛДАУ

Оқу жылы	Педагог саны (меңгеруші, әдіскер, пән жетекшілері мен тәрбиешілерді қоса алғанда)	Оның ішінде тәрбиешілер
2023-2024	12	6

2023-2024 оқу жылы бойынша 12 педагогтың біліктілік санаттары бойынша КЕСТЕ:

№	Санаты	барлығы	ТАӘ
	I санат	4	1. Джубаниязова.Н.Д 2. Бактыгереева Г:М 3. Унайгаалиева,А.Г
	Санаты жоқ	1	1.Тулепова.А.Е 2.Гусманова.Ш.А 3.Насипкалиева.А.К 4.Кадирова.А.Г 5.Джуматова.А.Б 6.Мағзом.М.Б 7.Ниязбекова.Г.Н 8.Куспанова .Ж.К 9.Ильясова.Э.М

3. Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларын сақтау Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасы 5 күндік жұмыс аптасы және 10,5 сағат жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылдары 6 топ жасақталды. Бөбекжайда жас ерекшелігі қағидасы бойынша жас топтары толықтырылған.Бөбекжайдың жоба қуаттылығы 66 бала.

2023-2024 оқу жылы

4

№	Топтың атауы	Бала саны жыл басы	Жас кезеңдері	Бала саны жыл аяғы
1	«Ақ бота»	22	Кіші аралас тобы	22
2	«Ақ көгершін»	22	Ортаңғы аралас тобы	20
3	«Ақ шағала»	24	Мектепалды аралас тобы	19

4.Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылында ҚПДПҚ қорытындысымен келген ерекше білім беру қажеттілігі бар болмады.

Әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәлімет

Балаларды жас ерекшеліктеріне қарай топтарға орналастыру 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндеттібілім стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығының 22-тармағына «Жас кезеңдері және жас топтары» (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы)» негізделіп жасалды

2023-2024 оқу жылында жас ерекшеліктері бойынша 3 (үш) әртүрлі жас тобы жұмыстанды.

№	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Тәрбиеленушілер саны
1	«Ақ бота» әр түрлі жас тобы	Кіші жас тобы	5
		Ерте жас тобы	7
	«Ақ көгершін» әр түрлі жас тобы	Ортаңғы тобы	8
		Кіші тобы	14
	Ақ көгершін» әр түрлі жас тобы	Мектепалды тобы	5
		Ересек	10
		Ортаңғы	9

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес жоспарланып, жүргізілген. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарына сай «Ақ бота» кіші аралас тобы «Ақ көгершін» ортаңғы аралас тобы «Ақ шағала» мектепалды аралас тобы балаларына перспективалық жоспар мен циклограмма жазылды. Жас ерекшеліктеріне байланысты екі жас тобына құжаттар толтырылды. Аралас жас тобына 2 перспективалық жоспар,

Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер 2023-2024 оқу жылдарының 1 қыркүйегі мен 31 мамыр аралығы

Оқу жылы	Оқу жылы басындағы бала саны	Келген бала саны	Кеткен бала саны	Оқу жылы соңындағы бала саны
2023-2024 жж	66	15	13	68

2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1- қосымшасының 25 тармағына сәйкес «Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады» (бір жас тобында – 1 жыл), 3 топ жасақталған. 26.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімімен жасақталған топтың құрамы:

2022–2023 оқу жылы 1 аралас «Ақ бота» (кіші,ерте жас) тобы 1 аралас «Ақ көгершін» (ортаңғы кіші жас) тобы 1 аралас «Ақ шағала» (мектепалды ересек, ортаңғы) тобы болып жинақталды

Барлық топтардың қажет мөлшердегі жиһазбен жабдықталуы, ойыншықтар саны, оқу-әдістемелік құралдар мен оқу әдебиеттерінің саны бала санына сай жасақталып, толтырылған.

Тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасынигеру талаптарын сақтау бойынша «Ақниет+» жеке балабақшасы мектепалды топтары бойынша:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы

№604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу №182 бұйрығыменбекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының 22 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 25,26 тармақшаларына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасының тәрбиеленулері 1жас 6 ай жастан бастап қабылданып, 6 жасқа дейін Үлгілік оқу бағдарламаны толық меңгеріп шығады.

Балаларды 1жас 6 ай жас тобынан екінші топқа ауыстыру ағымдағы жылдың 1 тамызы мен31 тамызы аралығында тәрбиеленушінің ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне толық жасқа жетуін ескере отырып жүзеге асырылатынын көрсете отырып, мектеп жасынажеткен тәрбиеленушілер мектепкедейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейінжүзеге асырылады, бұл балалардың қозғалысы туралы бұйрықтармен расталған.

2023–2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», ҚР Оқу–ағарту министрінің 09.09.2022 №394 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1,2,3–қосымшаларға сәйкес жасалған. Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1–қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің «Балаларды ерте дамыту институты» Ғылыми әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама)

«Әдістемелік нұсқау хаты» (2022–2023 оқу жылына арналған) негізінде жасалған.

4. 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

2023-2024 оқу жылында мамыр айына «Ақшағала» мектепалды тобынан 5 тәрбиеленуші, «Ақ шағала» мектепалды даярлық тобынан 5 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, №22 жалпы білім беретін орта мектептеріне қабылдану үстінде.

Тәрбиеленушілердің білімін бағалау:

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

1. баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы:

2. Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы

2. 2023-2024 оқу жылының мектепке дейінгі ұйым балаларының үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша қорытынды даму мониторингінің НӘТИЖЕЛЕРІ

№ 1	Дағдылар тізбесі	Бөбек жасы (1-3 жас)		Мектепке дейінгі жас (3-6 жас)							
		Кіші жас (2 жастан бастап)		Орта жас (3 жастан бастап)		Ересек жас (4 жастан бастап)		Мектепалды жас (5 жастан бастап)		Барлығы игерген	
		Топтар саны/топтағы бала саны	Дағдыларды игерген бала саны	Топтар саны/бала саны	Дағдыларды игерген бала саны	Топтар саны/бала саны	Дағдыларды игерген бала саны	Топтар саны/бала саны	Дағдыларды меңгерген бала	Топтар сан/балас	Дағдылар игерген
1	Денсаулық сақтау дағдылары	2/36	30 83%	2/17	15 88%	1/10	8 80%	1/5	4/ 80%	3/ 68	57 84%
2	Коммуникативтік-тілдік	2/36	22 60%	2/17	10 59%	1/10	7 70%	1/5	4 80%	3/68	53 78%
3	Танымдық дағдылар	2/36	24 67%	2/17	11 65 %	1/10	8 80 %	1/5	4 80%	3/ 68	48 71%

4	Шығарма шылық дағдылар	2/36	34 94%	2/17	15 88 %	1/10	9 90 %	1/5	4 80 %	3/68	62 91 %
5	Әлеуметтік дағдылар	2/36	20 56%	2/17	11 65 %	1/10	7 70%	1/5	4 80%	3/68	42 62 %

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласының білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасының мектепалды топ тәрбиеленушілерінің ата-аналарына сауалнама жүргізу үшін ең алдымен телеграмм чат ашылды. Телеграмм чатқа «Ақ шағала» - 5 бала , «Ақкөгершін» - 10 баланың жалпы саны 15 тәрбиеленушінің 13 ата-анасы (анасы немесе әкесі) қатысты. Сауалнама жүргізген әдіскердің дауысы есептелген жоқ. Сауалнама жүргізіліп болғаннан кейін оның нәтижесі талданды.

Сауалнама нәтижесі бойынша 88% респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанғандықтарын көрсетіп, «5» балмен бағаланды

9.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

2023-2024 оқу жылында кіші топтарында ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут; ортаңғы топтарында ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут; ересек топтарда ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут; мектепалды даярлық топтарында ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут.

2023-2024 оқу жылы топтардың апталық ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері құрылып, бекітілген, апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталды. 2023-2024 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1-қосымшағаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сай оқыту тілі бойынша оқу жүктемесі дұрыс құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер мен толықтырулар енгізу №182 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының 22 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың 25,26 тармақшаларына сәйкес Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасы 1,6 жастан бастап қабылданып, 6 жасқа дейін Үлгілік оқу бағдарламаны толық меңгеріп шығады.

Балаларды 2 жас тобынан екінші топқа ауыстыру ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 31 тамызы аралығында тәрбиеленушінің ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне толық жасқа

жетуін ескере отырып жүзеге асырылатынын көрсете отырып, мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады, бұл балалардың қозғалысы туралы бұйрықтармен расталған. 2023-2024 оқу жылында мамыр айына «Ақ шағала» мектепалды тобынан 5 тәрбиеленуші үлгілік оқу бағдарламасын игеріп, №22 жалпы білім беретін орта мектептеріне қабылдану үстінде.

11.Оқу-материалдық активтер: тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар; мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталуы; Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары)

Ғимарат аумағының қауіпсіздігі үшін 12 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның ішінде: сыртқы -3 және ішкі – 9 бейне камерасы бар. Өрт дабылы, дабыл түймесі орнатылған және «INDUSTRIAL EXPERT» ЖШС келісім –шарттар жасалған.

Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай –ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру» нормаларын бекіту туралы бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 7 маусымдағы №265 бұйрығы негізінде қамтылып отыр.

Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету бойынша бухгалтерлік есептік деректердің негізгі құралдарының тізбесі қалалық білім беру бөлімімен келісілген және қалалық білім беру басшысымен бекітілген.

2023-2024 оқу жылдары аралығында мектепке дейінгі ұйым педагогтері өз шығармашылықтарын дамыту бағытында топтар мен пән кабинеттерін оқу материалдарымен жабдықтау барысына қатысты. Иллюстрациялық альбомдар, геометриялық пішіндердің жаңа үлгідегі жиынтықтары, санау материалдары, жыл мезгілдеріне арналған көрмеде қолдан жасалған әдемі бұйымдар, ленталар, сөмкелер, театр түрлеріне арналған көптеген материалдар топ жабдықтарын толықтырып тұр. Балабақшада ата-аналар мен қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысымен мереке күндері, тақырыптық сағаттар өткізу күндері, көрмелер ұйымдастыру кездерінде топ бөлмелері жабдықталып отырылған. Фетра матасынан жабдықталған театрлар, ләп-бук кітапшалары, көлеңке театры, қуыршақтар бар. Ұлттық нақышта жинақталған топ бөлмелеріндегі шаңырақ орталықтары балаларға тәрбие мен оқыту процесіне қажетті жабдықтармен толтырылған.

Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор: Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Ақниет+» жеке балабақшасы оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесіне» (өзгерістерімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 179) сәйкес келеді .

Оқу-әдістемелік кешендермен толықтыру туралы мәлімет төмендегі кестеде көрсетілген. Осы жылдар ішінде Bilimkids платформасында орналастырылған оқу-әдістемелік және бейне материалдарымен ұжым мүшелерін қамтамасыз ету жұмысы жүргізілді .

Алдағы жылдарға даму перспективасы жоспарлануда:

Даму перспективасының мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасауды жетілдіру, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды нығайту, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын арттыру. Даму перспективасының міндеттері: тұлғаның - тәрбиелеу үрдісінде белсенді әдіс – тәсілдерді, жанашыл технологияларды қолдану негізінде тәрбие, білім беру жұмыстарын жетілдіру; - жеке дамуы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін дамыту ортасын құру; - отбасы, балабақша және бастауыш мектеп арасындағы педагогикалық ынтымақтастықты нығайту; - бөбекжайда білім беру қызметінің тиімділігін арттыру негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім берудің сапасын жоғарылатуды қамтамасыз ету және отбасы ынтымақтастығының дамуына жағдай жасау; - бөбекжайда оқыту - тәрбиелеудің сапасын жаңа технологияларды, жаңа заманға лайықты әдістемелерді және ақпараттық – қатынасты пайдалану арқылы жоғарылату, бала денсаулығын нығайту мен өмірінің қауіпсіздігін сақтау; - білім беру жүйесінің даму стратегиясын жүзеге асыруда инновациялық қызметтік тиімділігін арттыру негізінде бөбекжай педагогтарының кәсіби құзыреттіліктерін жоғарылату; - тәрбиеленушілердің психикалық және физиологиялық денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын жетілдіру және рухани – адамгершілік тәрбие негізінде әлеуметтік, патриоттық тәрбие беру.

Күтілетін нәтиже: - мектеп жасына дейінгі баланың толыққанды дамуы мен негізгі құзыреттіліктері мен дағдыларын қалыптастыруда кеңістік ортасын жасақтау;

- әрбір жас кезеңіне сай психикалық және физикалық дамуын қамтамасыз ету және тәрбиелеу;

- даму режимінде жұмыс жасау жағдайында бөбекжайды басқару жүйесін модернизациялау;

- бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты арттыру, тәрбиеленушілердің отбасы мүшелерінің қатысуын қамтамасыз ету;

- педагогикалық үдеріске мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа түрлерін енгізу арқылы педагогтарға мектепке дейінгі тәрбие мен білім алуға қол жетімділігін қамтамасыз ету;

- бөбекжай мен жалпы орта білім беретін мектеп пен сабақтастықты жүзеге асыру, тәрбиеленушілердің өзара әрекетін ұйымдастыруда ортақ талаптарын анықтау;

- балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік –кеңістік дамытушы ортаны толықтыруға жағдай жасау, материалдық техникалық базасын нығайту

Өзін –өзі бағалау кестесі бойынша талап етілген сегіз бөлімде де негізгі талаптар толығымен сақталды. Барлық бағаланған құжаттардың көшірме нұсқалары ұсынылды, веб –сайтта жарияланды

«Ақниет+» жеке балабақшасының меңгерушісі



Н.Д.Джубаниязова

